

Менің соңымнан ер

Оқулық

Бірінші басылым, 2013

Тим Грин

2013 жылы Ұлы Британияның Біріккен Корольдігінде lulu.com-ның қатысуымен
басылып шықты

Авторлық құқық © TimGreen 2013. Барлық құқықтар қорғалған

Оқырмандар бұл оқулықтың екі сабағын қалағандарынша фотокөшірме жасап,
немесе оның электрондық нұсқасын қолдана алады. Ал егер оқулықтың екі
сабақтан да көбірек бөлігін қолданғыңыз келіп немесе PDF форматында толық
курсты алу үшін тіркелгіңіз келсе, comefollowmecourse@gmail.com электронды
поштасына хат жазып, автормен хабарласыңыздар.

Жазбадан келтірілген үзінділер қазақша Киелі Кітаптан алынған (басқа жағдайда аударма
анық көрсетіледі). ©2003, 2009, 2013 IMB-ERTP и Biblica Inc. ®. Барлық құқықтар тұтас
сақталған.

ISBN 978-1-291-41136-2

Үй іштері мен айналасындағы адамдардың түсінбеушіліктері мен қарсылықтарына қарамастан, оларға бұрынғыша қамқор болуын жалғастырып, Мәсіхте жаңа өмір бастауға әрі Оның қауымынан өз орнын табуға тырысып жатқан әрбір адамдарға бағышталады.

Ең алдымен осы үндеуді оқып шығыңыз

«Менің соңымнан ер» деп аталатын бұл курс Иса Мәсіхтің соңынан еруді жаңадан бастаған адамдарға арналған. Курстың мақсаты – олардың сенімдерінің өсуіне және Оның қоғамында өз орындарын табуға көмектесу.

Бұл курсты өз бетіңізбен оқымауыңызды өтінеміз, өйткені олай істесеңіз сізге көп пайдасы тимейді. Одан да сіз өзіңізге жетекші ретінде көмектесе алатын, Мәсіхтің соңынан ерген дана бір адамды табыңыз. Әрбір сабаққа үйде дайындалғаннан кейін топ жетекшіңізбен кездесіп отырыңыз. Сабақтан үйренгеніңізді және сол алған біліміңізді іс жүзінде қалай қолданатыныңыз туралы бірге талдаңыздар. Өз өміріңіздегі мәселелер жөнінде топ жетекшіңізден ақыл-кеңестер сұраңыз. Сіздер бірге сиынып, бір-біріңізді Иса Мәсіхте нығайта аласыздар.

Егер сіз бұл курсты басқа сенушілермен бірге бір топта өтетін болсаңыз, сізге одан да үлкен пайдасы тиер еді.

Ал егер сіз «Менің соңымнан ер» курсын қолданатын топ жетекшісі болсаңыз, онда топ жетекшісіне арналған Жетекшілікті де алыңыз. Ол осы курсты қалай қолдану керектігі жайлы түсіндіреді. Онда сондай-ақ шәкірттік пен топтық пікір-таласты жүргізуге арналған жетекшілік қағидалар қамтылған. «Мәдени кеңестер» бөлімі сізге бұл курстың тақырыптарын түсінуге жәрдем береді. Әрбір сабақта егжей-тегжейлі талқылауға арналған сұрақтар қоса берілген. Сондықтан да топ жетекшісіне арналған нұсқаулық сізге көп көмектесе алады. Сіз оның PDF форматындағы тегін нұсқасын ала аласыз. Ол үшін төмендегі электрондық пошта арқылы тапсырыс беруіңізге немесе мына сайттан қағаз бетіндегі басылымын сатып алуыңызға болады:

www.lulu.com/shop/tim-green/come-follow-me-advisors-guide/paperback/product-21409862.html

Осы курстың сізге қаншалық пайдалы болғаны жайлы маған өз пікіріңізді әрі оны жақсарту жайлы ұсыныстарыңызды жолдауыңызды сұраймын. Ол үшін осы көрнекі құралдың соңғы бетінде берілген бағалау сұрақтарын қолдансаңыз болады немесе өз сөзіңізбен де жазыңыз болады. Сіз сондай-ақ бұл курстан кейін жүретін осы сияқты курстарға қатысты ақпараттарды алу үшін де менімен хабарласа аласыз. Егер сізде (интернеттегі немесе аудио-видео форматтағы қолжетімді) жақсы материалға қатысты ұсынысыңыз болса, маған хабар беріңізші. Мен кез-келген ұсыныстарды қабылдаймын.

Рахмет!

Тим Грин

comefollowmecourse@gmail.com

Мазмұны

Сабақ	Беті
<i>Оқушыға арналған нұсқаулық</i>	vi
1 Мәсіхтің ізбасарына айналу	7
2 Мәсіхтегі жаңа өмір	14
3 Құдай Әке	21
4 Мәсіхке Оның Рухының күшімен бағыну	27
5 Жаратушымен қалай тілдесу керек	34
6 Бізге арналған Құдай сөзі	41
7 Мәсіхтің қауымының мүшелері	48
8 Екі түрлі қоғамның мүшесі болу	55
9 Қуғын-сүргіннің себептері	62
10 Қорлау мен қуғындауға біз қалай жауап беруіміз керек	69
11 Ерлі-зайыптылар	76
12 Жанжалды шешу	84
13 Куәлік	93
14 Суға шомылдыру рәсімі	101
15 Тура жол	108
16 Сүйіспеншілік заңы	115
17 Ораза ұстау және құрбандық беру	122
18 Тағдыр және бақсы-балгерлік	130
19 Бір-бірімізге қызмет ету	138
20 Біздің көкке қажылық сапарымыз	146
1 Қосымша Менің Жаратушы Иемен күнделікті өткізетін уақытым	154
2 Қосымша Жаратқан Иеге қалай жетуге болады	156
Ой-пікірлер, түсіндірмелер	158

Оқушыға арналған нұсқаулық

1

Курсқа қош келдіңіз!

Осы курс сізге Иеміз Иса Мәсіхтің соңынан күнделікті еруіңізге көмектесетін болады. Мен сіздің ұстазыңыз боламын, ал осы жерде сізге курста пайдалы болатын нұсқаулықтар беріледі.



2

Курсты өз бетіңізше оқымаңыз, өйткені одан сізге көп пайдасы тимейді. Сізге тәлімгер ретінде көмектесе алатын Мәсіхтің соңынан ерген дана бір адамды табыңыз. Өз бетіңізбен жасаған әрбір зерттеуден кейін топ жетекшіңізбен, тіпті осы курсты өтіп жатқан басқа да адамдармен кездесіп, талқылаңыз.

3

Ең бастысы, осы сабақтарды күн сайын іс жүзінде қолданыңыз. Әр сабақтың соңында «практикалық тапсырма» бар, сіз соларды апта ішінде орындауыңыз керек болады.

1. Әр сұрақты мұқият оқыңыз.
2. Берілген бос жолақтарды [✓] таңбасымен белгілеп немесе өз жауабыңызды жазыңыз.
3. Сұрақтарға өз жауабыңызды жазғаннан кейін ғана сабақтың соңында берілген жауаптармен салыстыруыңызға болады.
4. Тапсырманы орындағаннан кейін негізгі сәттерді қайталау үшін **Сабаққа шолу жасау** бөлімін қарап шығыңыз.
5. Кейбір сұрақтарды талдау кезінде өз жеке пікіріңізді айтуыңыз керек болады. Сол сұрақтарға жауап бергеніңізге және оларды талдауға дайын екеніңізге көз жеткізіп алыңыз.
6. Алғашқы бес сабақ үшін сізге тек осы оқулық қана керек. Алтыншы сабақтан бастап сізге өз Киелі Кітабыңызды қолдану керек болады. Бұл курста біз негізінен Киелі Кітаптың қазақша аудармасын қолданатын боламыз, егер қаласаңыз сіз басқа аудармаларды да қолдана аласыз. Киелі Кітаптың көптеген аудармалары бар болғанмен олардың бір ғана түпнұсқасы бар. Ал түпнұсқа өзгермейді.
7. Бүкіл әлемде Иса Мәсіхтің көптеген ізбасарлары бар, олардың бұрынғы өмірлері сіздікіне ұқсас. Олардың кейбіреулері білімді болса, кейбіреулері білімді емес. Бұл курс қарапайым тілмен жазылған, оны тіпті білімі өте төмен адамдар да түсіне алады. Сіз үшін оқытудың мұндай тәсілі, бәлкім, тым қарапайым болып көрінер, бірақ ең бастысы онда жазылғандарды өміріңізде ұстануыңыз. Құдайды сіздің біліміңізден гөрі сіздің мойынсұнғыштығыңыз көбірек толғандырады. Егер сіз осы ілімге құлақ асар болсаңыз, ол сізге пайдасын тигізетін болады.
8. Есіңізде болсын, топ жетекшіңіз сізге көмектесу үшін өзінің жеке уақытын бөледі. Сондықтан үй тапсырмасын толық орындап, оны талдайтын кездесуге уақтылы келіп, сол адамға құрмет көрсетіңіз.

Ал енді Жаратушының көмегімен бастайық!

1-Сабақ Мәсіхтің ізбасарына айналу



Біздің өміріміздің мән-мағынасы

Екі ер адам пікір таластырып отыр. Олардың біреуі былай дейді: «Мен Құдай Ие мені Өзінің жарлықтарына мойынсұнып жүру үшін жаратқанына сенімдімін. Ол Өз пайғамбарларын маған Тура Жолды көрсету үшін жіберді. Егер мен осы жолмен жүрсем, онда Тәңір Ие менің күнәларымды кешіріп, мені жұмаққа кіргізеді деп үміттенемін. Менің өмірімнің мән-мағынасы осы».

Келесі ер адам былай дейді: «Мен де Тәңір Иенің жарлықтарына мойынсұнғым келеді. Бірақ мен Ол мені тозақ отына жібереді деп қорықпаймын, өйткені Ол менің күнәларымды кешіріп, мені жұмаққа кіргізуге уәде беріп қойды. Сондықтан мен жер бетіндегі өмірімді Оны жеке танып-білу мен Оның сүйіспеншілігін сезінуге арнап, Оған алғысым ретінде мен де Оны сүйе алатынымға қуанамын. Мен өмірімнің әр күні мен әр сәтінде Ол үшін өмір сүргім келеді. Менің өмірімнің мән-мағынасы осы».

Ойлануға арналған сұрақтар: Сіз бұл екі кісінің қайсысымен келісесіз? Әлде сіз өз өміріңіздің мағынасы басқада деп санайсыз ба? Сіздің өміріңіздің мән-мағынасы неде?



1 Өмір жайлы ойлар ауыр болуы мүмкін. Нақ осы шақтағы мәселелер мен болашақ жайлы ойлар біздің мазамызды алады. Қасиетті Қуанышты Хабарда (Инжілде) Иеміз Иса Мәсіх біздің бәрімізге арналған таңқаларлық уәдені жариялады:

«Қиналып қатты шаршап-шалдыққандар, Еңселерін тым ауыр жүк басқандар, Менің қасыма келіңдер, бәрің, Жандарыңды Мен рақатқа бөлеймін!» (Матай 11:28)

Иса Мәсіхтің осы сөздерін сізге тікелей айтып тұрғанын көз алдыңызға елестетіңізші. Осы сөздерді есіңізге сақтап алғанша, бірнеше рет қайталаңыз, содан кейін келесі бос жолда тастап кеткен сөздерді жазыңыз:

« _____, _____, Менің қасыма келіңдер, бәрің, Жандарыңды Мен рақатқа бөлеймін!»

2 Тәңіріміз Иса Мәсіх бұл сөздерін жер бетінде жүргенде айтты. Ол адамдарды Өзінің соңынан еруге шақырды. Кейбіреулер Оның соңынан бірден қуанып еріп кетті де, шәкірт

Менің соңымнан ер

болды, енді біреулері Одан бас тартты. Мәсіх бүгін де тірі, Ол бізді қазір де шақыруда. Ол не деп шақырады? «Менің соңымнан _____».

Иса Мәсіхтің ізбасарына айналу

3 Ендеше, Мәсіхтің ізбасарына қалай айналуға болатынын біліп алайық. Біз Мәсіхтің алғашқы шәкірттерінің бірі болған Шимон Петір есімді балықшының үлгісін қайталасақ болады, ол үшін Киелі Кітапты оқып шығайық:

Бір күні Иса Генесәрет көлінің жағасында тұрғанда, халық Құдай сөзін тыңдау үшін Оның қасына жиналып, иін тіресіп тұрды. Иса көл жиегінде тұрған екі қайықты көрді. Олардан түскен балықшылар ауларын жуып жатты. Екі қайықтың бірі Шимондікі еді. Иса қайыққа отырып, Шимоннан жағадан арырақ жүзіп барып тұруын сұрады. Осылай Ол қайық үстінен халыққа тәлім берді.

Иса сөзін бітіргеннен кейін Шимонға:

- Көлдің терең жеріне жүзіп барып, балыққа ау сал, - деді. Шимон:

- Ұстаз, біз түні бойы еңбектеніп, түк ұстай алған жоқпыз! Бірақ Сіз айтқан соң ауларды тағы да салып көрейін», –деп жауап берді.

Ауларын салғанда олар өте көп балық ұстады. Балықтың көптігінен аулары жыртыла бастады. Содан олар екінші қайықтағы жолдастарын қол бұлғап көмекке шақырды. Олар келгеннен кейін бәрі бірігіп екі қайықты да балыққа толтырды. Тіпті қайықтары суға бата бастады! Мұны көрген Шимон Петір Исаның аяғына жығылып:

- Ием, қасымнан кете көріңіз, мен күнәкар адаммын! – деді. Себебі өзі де, қасындағылардың бәрі де осынша көп балық ұстағандарынан үрейлері ұша аңтарылды. Шимонның серіктері – Зебедей ұлдары Жақып пен Жохан да сонда күйде еді. Сонда Иса Шимонға:

- Қорықпа! Сен балық аулағаның сияқты бұдан былай адамдарды жинап әкелетін боласың, - деді.

Екі қайықты жағаға шығарғаннан кейін олар бәрін тастап, Исаға шәкірт болып ерді.

(Лұқа 5:1-11)

Егер сіз осы үзіндіні толық оқып шыққан болсаңыз, мынажерге (✓) белгі қойыңыз да, сабақты ары қарай жалғастырыңыз.

4 Исаның ізбасары болу үшін Шимон Петір төрт қадам жасаған сияқты. Дәл осы қадаммен адамдар бүгінде де Иса Мәсіхтің ізбасарларына айналады. Келіңіз, соларды зерттейік.

Бірінші Қадам: Күнәдан бас тарту.

Шимон балықтың керемет ауланғанын көргенде, оның көздері ашылды. Ол өзінің ар-ұжданына қарама-қайшы Иеміз Исаның киелілігін мойындады. Ол Исаға не деп еді? «Ием, қасымнан кете көріңіз, мен _____!» (Жоғарыдағы үзіндідегі соңғы азат жолды қараңыз).

5 Шимон өзінің «күнәкар адам» екенін түсінді. Сірә, ол ешкімді де өлтірмеген болар және әйелінің көзіне шөп те салмаған болар. Бірақ Иса Шимонның жүрегінің түкпірін көре алды. Петір өзінің жасырын істері мен жаман ойларын Иса Тәңірден бұғып қала алмады.

Ал сіз ше? Сіздің ел алдында жариялап айтуға қатты ұялатын құпияңыз бар ма? Сіз оны көршілеріңізден немесе үй ішіңізден жасыра алатын шығарсыз, бірақ оларды Иса Мәсіхтен жасыра алмайсыз. Ол сіздің өміріңіздегі кез келген жасырын жамандықты көре алады. Бұл дәрігердің сіздің бүкіл сүйектеріңізді рентген сәулесі арқылы көре алатынына ұқсайды.

- **Бір сәт аялдап, Иса Мәсіхтен өміріңіздің қараңғы тұстарын көрсетуін сұраңыз.**

- 6 Шынуайтына келгенде, әрбір адамның күнәсы бар. Омар Хайям былай деген еді:
 «Күнәсы жоқ ғаламда кім бар, айтшы?
 Жоқ па біздің күнәмыз, соны айтшы?
 Мен істесем жамандық, қайтарасың сен оны,
 Бар ма бізде айырма, соны айтшы?»

Жаратушыдан күнәсын жасыра алатын біреу бар ма? [Иә / Жоқ]
 (дұрыс жауапты дөңгелектеңіз)

- 7 Бұрын сізге Жаратушы өзін таза ұстайтын жандарды жақсы көріп, ал зұлымдық істейтіндерді жек көреді деп үйреткен-ді. Бірақ пәк таза Иса лас Шимонды жек көріп пе еді? Бір ғажабы – жоқ, жек көрмеді! Иса Шимон Петірге не деді? (үшінші сұрақ бойынша үзіндіні оқып, дұрыс жауапты белгілеңіз)

- ___ а) «Менен аулақ кет»
 ___ б) «Қорықпа»


- 8 Исаның өзіне «Қорықпа!» дегенін естіп, Шимон қандай жеңілдік сөзінді екен?! Егер сіз Шимонға ұқсап, өзіңіздің лас, күнәкар екеніңізді сезінсеңіз, онда жүрегіңіз шайлықпасын. Иса Мәсіх сізді кешіріп, тұтастай тазартып алуға дайын!

Мына екі түрлі адамға қараңызшы:



Иса Мәсіх бұл екі адамның қайсысын тазартады: Тимурдай тәкаппар адамды ма, әлде Əлидей кішіпейіл жанды ма? _____

- 9 Иеміз Иса былай деді: «Мен... күнәкарларды теріс жолдан қайтуға шақыру үшін келдім» (Лұқа 5:32). «Теріс жолдан қайту» дегеніміз бұл кері бұрылып, шындық жолға түсу дегенді білдіреді. Мына екі адамға қараңызшы:



- а) Бұлардың қайсысы теріс жолдан бұрылды, 1-шісі ме немесе 2-шісі ме? _____

- б) Қайсысы ескі жолымен кетіп барады, 1-шісі ме немесе 2-шісі ме? _____

- 10 «Теріс жолдан қайту» деген бұл күнәларыңызға өкіну ғана емес, бұл біздің екінші суреттегі адам сияқты күнәдан толық бас тартуымызды білдіреді. Олай болса, шын жүректен тәубе етудің белгісі қандай болады? (жауаптардың бірін белгілеңіз)


- ___ а) Күнәға батқан өз өміріңізге қарасаңыз да, өкініш сезінбеу
 ___ б) Күнә жасағаныңызға өкіну, бірақ өмір сүру салтыңызды өзгертпеу
 ___ в) Күнәдан толығымен бас тартып, өмір сүру салтыңызды өзгерту.

Менің соңымнан ер

11 Исаның шәкірті болу үшін Шимонның жасаған бірінші қадамы қандай болып еді?
_____ бас тарту.

Екінші қадам. Құнын ұғыну

12 Шимонның келесі қадамы Мәсіхтің соңынан ерудің құнын ұғынғаны болды. Шимонның алдында күрделі таңдау тұрды, бәлкім, ол екі оймен күрескен болар.



Шимон нені ұғынды? Мәсіхтің соңынан ерудің _____

13 Иса Мәсіх Өзінің соңынан ерудің құны қаншалықты жоғары екені жайлы астарлы әңгіме айтты:

«Құдай Патшалығы мынаған да ұқсайды: бір саудагер асыл інжу-маржан іздеп жүріп, аса құнды біреуін тауып алады. Сонда ол өзінде бардың бәрін түгел сатып, сол асыл інжуге ие болады».
(Матай 13:45-46)

Исаның соңынан еру үшін сізге қандай бағалы нәрседен бас тартуыңызға тура келуі мүмкін? Келесі жауаптардың біреуін немесе бірнешеуін (тікелей өзіңізге қатысы барларын) белгілеңіз:

- ___ а) Қоғамдағы беделіңізден;
- ___ б) Жұмысыңыздан немесе кәсібіңізден;
- ___ в) Үй ішіңізден;
- ___ г) Дүние-мүлкіңізден және мұрадан;
- ___ д) Басқа (Өз жауабыңызды жазыңыз) _____

14 Бірақ «аса құнды маржан» соған тұрарлық! Мәсіх үшін қандай құрбандыққа барсаңыз да, есіңізде болсын, Ол сіз үшін айқышта одан да үлкен құрбандыққа барды.

«Дегенмен, әлі де күнәкар болып жүрген кезімізде біз үшін Мәсіх өмірін құрбан етті! Осы арқылы Құдай бізге Өзінің зор сүйіспеншілігін дәлелдеді». (Римдіктерге 5:8)

Сонымен, үлкен құнды кім төледі: Мәсіх пе, әлде біз бе? _____

9 және 10-сабақтар қуғын-сүргін кезінде Иса Мәсіх бізге қалай көмектесетіні туралы түсіндіреді.

Үшінші қадам: Мәсіхке сенім арту

15 Мәсіхтің ізбасары болу үшін Шимонның біріншіден, күнәдан бас тартуына, екіншіден, Мәсіхтің соңынан ерудің құнын сезінуіне тура келді. Осыдан кейін ол Мәсіхке сенім артудың үшінші қадамына келді.

Үшінші сұрақта біз жоғарыдағы үзіндінің соңғы сөйлемін қайтадан оқимыз. Шимон мен оның жолдастары Иса шақырғанда не істеп еді? (*бос жолдарды толтырыңыз*)

«Екі қайықты жағаға шығарғаннан кейін _____, Исаға _____.»

16 Шимон өзінің жаңа Иесі Исаға толығымен сенім артты.

Күнделікті өмірде біз адамға қалай сенім артамыз? Мынау кейбір мысалдар:

- ✓ **Бала** шаршаған кезде, әкесі қолына көтеріп алсыншы деп оған қолын созады, яғни ол әкесіне сенім артады;
- ✓ **Науқас адам** дәрі ішкенде, дәрігерге сенім артады;
- ✓ **Жолаушы** қауіпті сапардың басында автобус жүргізушісіне сенім артады.

Біз өзімізді Исаның қолына тапсырғанда, сол бала мен науқас адам немесе жолаушы сияқты Оған сенім арта аламыз. Біз Оған өзіміздің Иеміз деп мойынсұнамыз.

Мәсіхтің соңынан ерудің үшінші қадамы қандай?

1. Күнәдан бас тарту,
2. Соңынан ерудің құнын сезіну,
3. Мәсіхке _____.

17 Шимон Петір Иса Мәсіхке сенім артқаннан кейін, Онымен бірге ұзақтығы үш жылға созылған сапарға шықты. Ол өзінің Иесінің қуанышын да, қайғысын да бірге бөлісті. Шимон Исаның ауруларды қалай сауықтырғанын, тіпті өлілерді қалай тірілткенін де көрді! Ол адамдарды Иса қалай жақсы көрсе, солай жақсы көруді үйренді. Біртіндеп шәкірт Шимон өз ұстазы Исаға барған сайын ұқсай түсті. Кейінірек ол Петір деген екінші атымен танымал болды.

Шимон Петір Исаның ізбасарына қалай айналды? (*дұрыс нұсқаны белгілеңіз*)

- ___ а) Мәсіхке сенім арту арқылы,
___ б) Сенімге әкелетін дұғаны қайталау арқылы.

18 Шәкірт ұстазы істеп жүрген нәрселерді бақылай жүріп, әрі қайталай жүріп үйренетінін сіздер білесіздер.



Шимон Петір дәл осылай Исаның шәкірті болды. Біз де ұстазымыз Исаның соңынан ере бастағанда, шәкірт боламыз. Біз Оны өз көзімізбен көре алмағанымызбен, Оның істегендерін қайталау арқылы үйрене аламыз, осылай Оған ұқсай түсеміз. Исаның ісіне қатысу біз үшін үлкен құрмет болып табылады. Мәсіхтің шәкірті болудың үшінші қадамы қандай? Мәсіхке сенім _____.

Төртінші қадам. Мәсіхтің қауымына қосылу

19 Шимон Исаның шақыруын қабылдап, соңынан ерген кезде, ол жалғыз емес болатын. Ол Мәсіхтің қауымына келіп қосылды. Мәсіхтің шәкірттері бірлесіп өмір сүретін және олардың өмірлері ортақ болатын. Олар әр түрлі рудан шыққан және олардың әлеуметтік деңгейлері де әр түрлі еді. Бірақ олар бір-бірін құрметтеуді үйренді.

Менің соңымнан ер

Бұл оңай емес еді. Кейде олар дауласатын. Бірақ олар дауларын шешіп, бір-бірін кешіретін. Шимон Петір Мәсіхке тиесілі адамдардың барлығы да Оның _____ қосылуы керек екендігін білді.

Әрбір сенушінің Мәсіхтің қауымына келіп қосылуы маңызды. Бұл жайлы жетінші сабақта көбірек білетін боламыз.

20 Иса Мәсіх Шимон Петірді өзінің ізбасары болуға шақырды. Осы үшін Шимонға қандай төрт қадам істеуіне тура келді?

1. Күнәдан _____,
2. Құнын _____,
3. Мәсіхке _____,
4. Мәсіхтің қауымына _____.



Сонымен, бүгінгі сабақтың жеке сіз үшін қандай мәні бар?

- **Бәлкім, сіз Мәсіхтің ізбасары шығарсыз?** Егер солай болса, онда осы курс сізге Мәсіхте әрі қарай өсуіңізге көмектеседі.
- **Бәлкім, сіз Мәсіхтің ізбасары болуға дайын екеніңізді сезініп тұрған шығарсыз?** Олай болса, жеке топ жетекшіңізбен сөйлесіңіз, сізге ол осы шешімді қабылдауыңызға көмектеседі.
- **Бәлкім, сіз осы бір маңызды шешімді қабылдау үшін тереңірек ойлану керек дейтін шығарсыз?** Жақсы, бірақ бұл шешімді кейінге қалдыра бермеңіз, өйткені оны қабылдауға кешігіп қалуыңыз мүмкін. Егер осы курсты оқуды ары қарай жалғастырғыңыз келсе, ол сізге Мәсіхтің ізбасары болуға шешім қабылдағаныңыздан кейін көбірек пайдасын тигізетін болады.

1-САБАҚ. ПРАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМА

Осы аптада оңаша жер тауып, келесі сұрақтар жөнінде байыппен отырып ойланыңыз. Сіз Мәсіхтің ізбасарысыз ба? Әлде сіз Оның ізбасары болуға дайынсыз ба? Болмаса сіз осы бір шешім жайлы тереңірек ойланғыңыз келетін шығар.

Енді өткен сабаққа шолу жасап көрейік.

1-САБАҚҚА ШОЛУ ЖАСАУ

1. Матай 11:28 аяттан Иса Мәсіхтің қандай керемет шақыруы туралы жаттап едіңіз? (бірінші сұрақты қарауыңызға болады)

«Менің қасыма келіңдер, _____».

2. Мәсіхтің ізбасары болу үшін жасайтын төрт қадамды атаңыз:

1. К _____ бас т _____

2. Қ _____ Ұ _____
3. М _____ сенім а _____
4. Мәсіхтің қ _____ қ _____.

1-САБАҚТЫҢ ЖАУАПТАРЫ

- 1 қиналып қатты шаршап-шалдыққандар
2 соңымнан ер
3 үзіндіні оқыңыз
4 күнәкар адам
5 өз жауабыңызды жазыңыз
6 Жоқ
7 б)
8 кішіпейіл адам
9 а) 2-суреттегі адам б) 1-суреттегі адам
10 в)
11 күнәдан
12 құнын
13 өз жауабыңыз
14 Мәсіх
15 тастады да, ...кетті.
16 сенім арту
17 а)
18 сенім арту
19 қауымға
20 1. бас тарту 2. ұғыну 3. сенім арту 4. қосылу

2-Сабақ Мәсіхтегі жаңа өмір

Мәсіхтің ізбасарына айналған адам төубеге келу дұғасын айтып қана қоймай, ол Мәсіхте мүлдем жаңа өмірге ие болады.

Бұл өмірге мыналар жатады:

- A. Жаңа болмыс
- B. Жаңадан туылу
- C. Жаңа табиғат



1 Келіңіздер, осы бір тамаша жаңа өмір жайлы Киелі Кітаптан Петірдің бірінші хаты немесе қысқаша 1 Петір деп аталатын бөлігінен оқиық. Бірінші сабақтан біз білген Шимон Петір осы хатты Құдайдың жетелеуімен жазды. Бұл хат былай деп басталады:

«Иса Мәсіхтің елшісі Петірден» (1 Петір 1:1)

Петір өзін қалай атайды? (дұрыс жауапты белгілеңіз)

___ а) шәкірт ___ б) елші ___ в) пайғамбар

2 Киелі Кітапта «елші» деген сөз ерекше тапсырмамен жіберілген адамды білдіреді (бұл Киелі Кітап түсірілген адам емес). Иса Тәңір он екі адамды таңдап алып, оларды үйретіп, ерекше тапсырма беріп жіберді. Нақты осыған байланысты олар «елшілер» деп аталды, олардың жетекшісі Петір елші болатын.

Біз осы курстың өн бойынан Құдай Сөзінің қай бөлігін оқитын боламыз?
Елші _____ бірінші хаты.

3 1 Петірдің бірінші аяты осы хатты Құдайдың жетелеуімен кімнің жазғанын айтады. Бұл жерде, сондай-ақ, бұл хатты кімнің алғаны туралы да айтылады. Олар Мәсіхтің ізбасарлары – қазір біз Түркия деп атайтын елдің тұрғындары болатын. Осы аятта Петір оларды «таңдаулылар» деп атайды.

➤ **Бір сәт аялдап, Құдайға өзіңізді таңдап алғаны үшін алғыс айтыңыз!**

4 Дәл сол аятта Петір оларды «жат жерліктер» деп атады. Бәлкім, сіз қазір отаныңыздан алыста өмір сүріп жатқан боларсыз. Ал немесе, сіз өз еліңізде тұрып жасаңыз да, үй ішіңіз сізді қабылдамағандықтан, олардан бөлек өмір сүріп жатқан боларсыз. Бұл өте ауыр жағдай!

Бірақ біз Құдай үшін кіміз? Біз _____.

A) Біздің жаңа болмысымыз

5 Иә, біз Құдайдың «таңдап алынғандарымыз»! Біздің ескі достарымыз бізге жолағылары келмейтін шығар, бірақ «егер Құдай жақтаса, бізге кім қарсы шыға алады?.. Құдайдың таңдап алғандарына кім айып таға алады?» (Рим 8:31, 33). «Ал Құдай Өзі таңдап алған, Өзіне күні-түні жалбарына сиынған адамдарының мүдделерін қорғамай ма?» (Лұқа 18:7)

Мәсіхтің ізбасарлары ретінде біз кіміз? (дұрыс жауапты белгілеңіз)

___ а) Құдайдың таңдап алынғандары ___ б) Опасыздар
___ в) Жолдан тайғандар

6 Келесі аятта былай деп жазылған: «Құдай Өке сендерді алдын ала танып, ...таңдап алған өді» (1 Петір 1:16-2).

Мынау өзінің туған ата-анасынан айырылған баланың оқиғасы. Оны басқа адамдар асырап алып, тәрбиелеп өсірді. Бір күні басқа ұлдар осы үшін оны мазақ етті. Ол сонда: «жоқ, мен сендерге қарағанда көбірек құрметке иемін. Сендердің әкелерің сендерді таңдап алған жоқ, ал менің әкем мені туғанындай таңдап алды!»

Құдайдың таңдаулысы болу дегеніміз – бұл үлкен құрмет! Біз осы құрметке өзіміздің жақсы істерімізбен еңбек сіңірдік пе?


[Иә / Жоқ]

7 Жаратушы бізді еңбегіміз сіңгендіктен емес, Өзі жақсы көргендіктен таңдап алды. Иса Мәсіх арқылы Жаратушының соңынан еруге шешімді біз қабылдағанымызда шындық. Қалай болған күнде де, Жаратушының таңдап алуы мен біздің шешіміміз бірігіп іс атқарады.

Біздің Мәсіхтегі жаңа болмысымыз не нәрсеге негізделеді? Бізді Жаратушының _____ алғандығына.

Б) Біздің жаңа өміріміз

8 Сіз құрт пен жұлдызқұрттың айырмашылығын білесіз бе? Олар өзара ұқсас болғанымен, бір-бірінен айырмашылықтары өте үлкен. Құрт өле-өлгенінше ешбір өзгеріссіз бауырында жорғалап жүреді. Ал жұлдызқұрт болса, ғажайып өзгерістерден өтеді. Ол өлмейді, ол басқа нәрсеге айналады. (суретке қараңыз)



9 Жапырақтың бетінде жыбырлап жүрген ұсқынсыз жұлдызқұрттың аспанға қалықтап ұшқан әсем көбелекке айналуы ғажап емес пе? Ол дәл бір «жаңа өмірге» ие болып, жаңа жаратылысқа айналған сияқты.

Жұлдызқұрт қандай өзгерістерден өтеді? Ол өзіндік бір «жаңа _____» ие болады.

10 Ал сіз Иса Мәсіхтің ізбасарына айналдыңыз ба? Сіз айнаға қарағанда сол бұрынғы адамды көресіз, бірақ бұл оның сыртқы көрінісі ғана. Іс жүзінде сіздің ішіңізде болған өзгеріс жұлдызқұрттың көбелекке айналғаны тәрізді. Мәсіхтегі осы бір ғажайып өзгеріс «жаңа өмір» деп аталады.

Осындай жаңа өмірге кім ие болады? (дұрыс жауапты белгілеңіз)

- а) біздің елімізде өмір сүріп жатқандардың барлығы
 б) Мәсіхке жеке сенім артқан адамдардың барлығы
 в) мәсіхшілердің отбасында туған адамдардың барлығы

11 1 Петірдің келесі аятында осы бір жаңа өмір туралы айтылады:

«Иеміз Иса Мәсіхтің Өкесі – Құдай мадақталсын! Ол бізге зор мейірім көрсетіп, рухани қайта туғызып жаңа өмір сыйлады және Иса Мәсіхті өлімнен қайта тірілтуімен бізді тірі үмітке кенелтті».

(1 Петір 1:3)

Осы аят бойынша бізге мұндай жаңа өмірді кім берді?

- а) зор мейірім көрсеткен Құдай
 б) біз бұған игі істеріміз арқылы қол жеткіздік
 в) біз үшін дұға еткен киелі адам

Ал сіз осы жаңа өмірге ие болдыңыз ба?

12 Құдай осы жаңа өмірді әркімге ұсынады, бірақ оны барлығы бірдей қабылдай бермейді.

Дәрігердің мына үш науқасқа не айтқанына және олардың оған не деп жауап бергеніне қараңызшы:



Осы үш науқастың
Қайсысы сауығады?
А, Б немесе В? _____

13 Дәл осы сияқты төменде келтірілген үш адамның қайсысы Мәсіхтегі жаңа өмірді қабылдайды? (бір нұсқаны белгілеңіз)

- ___ а) Былай деп айтқан адам: «О, Мәсіх, мен Сенің іліміңе сенемін, бірақ өміріме Сені қабылдауға қорқамын»
- ___ б) Былай деп айтқан адам: «Мен Саған сенбеймін»
- ___ в) Былай деп айтқан адам: «Ием Иса, мен Саған сенемін, Саған сенім артамын, менің өміріме келші».

Бұл нұсқалардың қайсысы сізді сипаттайды, а, б немесе в? Егер сіз әлі де өз өміріңізді Мәсіхке сеніп тапсырмаған болсаңыз, онда осы жайлы топ жетекшіңізбен жеке отырып сөйлесіңіз. **Осы курстың қалған бөлігі сіздің бұл қадамды атқарып қойғаныңызды білдіреді.**



В) Біздің жаңа табиғатымыз

14 Біз өзіміздің Мәсіхтің ізбасарлары ретіндегі «жаңа болмысымыз» бен «жаңа өміріміз» туралы үйреніп білдік. Иса Мәсіх біздегі Өз табиғаты болып табылатын «жаңа табиғатты» да береді.

Сіз сияқты көптеген адамдар да Мәсіхтің ізбасарларына айналды. Олардың кейбіреулері өз өмірлерінде Мәсіх жасаған тамаша өзгерістері жайлы былай айтады:

Самат:	«Мәсіхтегі өмір қуаныш әкеледі және жан-дүниенді қанағаттандырады»
Рүстем:	«Иса маған қуаныш пен тыныштық берді»
Сабина:	«Менің бойымдағы мазасыздық пен үрей кетті»
Зәуре:	«Жүрегімдегі ауырлық пен қорқыныш кетті»

Дина:	«Құдай мені осы қалпымда қабылдайтынын білемін»
Арман:	«Менің өткен өмірім қара түске боялған-тын. Ол ішімдік пен жеңіл жүрісті әйелдерге және күнә толы болатын. Менің қазіргі күнім қуаныш пен тыныштыққа көмкерілген ашық түстерге боялды» («Иса – пайғамбардан да артық» кітабынан, авторы Ральф Уоттон)

Бұлардың барлығы шын өмірде бар адамдар. Олардың өмірінде қандай өзгерістер болды?
(бір нұсқаны белгілеңіз)

- ___ а) Иса Мәсіх оларға көптеген оң өзгерістері бар жаңа табиғат берді
___ б) Олардың өмірі бұрынғыдан да бетер құлдырап кетті
___ в) Олардың бұрынғы табиғатында ештеңе де өзгерген жоқ

15 Иса Мәсіх Өзінің осы барлық ізбасарларына Өзінің жаңа табиғатын береді. Олар сияқты біз де жаңа сезім, жаңа қуаныш, жаңа тыныштық сезіне аламыз. Бірақ ең бастысы біздің сезімдеріміз емес, барлығынан маңыздысы Исаның біздің мінез-құлқымызда өзгертуі. Міне, мынау шынайы өмірден алынған кейбір мысалдар:

Болат:	«Иса менің темекі шегетін әдетімді жеңуге көмектесті»
Насер:	«Адамдарды менсінбей қарайтын менің мінезімді өзгертті»
Руслан:	«Менің тұтықпалығым мен өзімді басқалардан кем сезінетіндігім тиылды»
Рашид:	«Жанжал шығарғыш әдетім басылды»
Самира:	«Мен басқаларға көбірек көңіл бөде бастадым »
Зарина:	«Менің өмірімдегі тәкаппарлық пен өзімшілдіктің орнын қызмет ететін рух басты»
Фатима:	«Кәсіпті жүргізуде Жаратушыға сенім артуға үйрендім. Қазір адал жұмыс істеймін»
Мириям:	«Мен басқа адамдарды Мәсіхтің махаббатын танып-білуге жетелегім келеді» («Иса– пайғамбардан да артық» кітабынан, авторы Ральф Уоттон)

Мәсіх сіздің жеке өміріңізге нақты қандай өзгерістер әкелді? Өз ойыңызды жазып шығыңыз және оларды талқылау кезінде басқалармен бөлісуге дайын болыңыз: _____

16 Егер сіз жоғарыда келтірілген өзгерістерді бірден басыңыздан кешпеген болсаңыз, оған қапаланбаңыз. Сіз Мәсіхте өскен сайын, олар біртіндеп өміріңізге келетін болады. Кішкентай баланың үлкен адамға айналуы үшін көптеген жылдар керек. Дәл сол сияқты «жаңа өмірге» ие болғаннан кейін рухани есею үшін де көптеген жылдар керек болады.

Бірақ біздің бойымызда Иса өмір сүріп жатқандықтан, сіз өзіңізде барған сайын кімнің табиғатын көбірек байқап жатырсыз?

- ___ а) Өзіңіздің ескі күнәкар табиғатыңызды;
___ б) Сіздің Мәсіхтегі жаңа табиғатыңызды;

Біздің рухани күресіміз

17 Мәсіхте біз жаңа табиғатқа ие болғанымызбен, өзіміздің ескі табиғатымызға қарсы күнделікті және өміріміздің соңына дейін рухани күрес жүргізуіміз керек. Құдай Сөзі бізге былай деп бұйырады:

«Ал мына қылықтарды енді тастаңдар: ашу-ыза, кек сақтау, қаралау, бейпілауыздық; бір-біріңе өтірік те айтпаңдар! Себебі сендер ескі күнәкар болмыстарыңның іс-әрекетін тастап, жаңа ізгі болмысқа ие болдыңдар. Оны жаратып берген Иеміз Өзін жақынырақ тануларың үшін сендердің рухани жағынан Өзіне ұқсас болуларыңды көздеп соған ұмтылуда»

(Қолостықтарға 3:8-10)

Осы аяттарға сәйкес: (дұрыс жауапты белгілеңіз)

- а) Біз өзімізден қандай болмысты «шешіп тастадық»?
[ескі күнәкар болмысты/жаңа болмысты]
б) Біз қандай болмысқа «ие болдық» (немесе киіндік)?
[ескі күнәкар болмысқа/жаңа болмысқа]

18 Төменде келтірілген суреттер әр түрлі әрекеттер жасайтын Мәсіхтің ізбасарларын белгілейді. Әрбір есімнің жанындағы бос жолға егер адам өзінің ескі табиғатына сай өмір сүріп жатса, «ескі» деп, ал егер жаңа табиғатпен өмір сүріп жатса, «жаңа» деп жазып қойыңыз:

а) Адам _____ табиғат

б) Адам: _____ табиғат

в) Адам: _____ табиғат

г) Адам: _____ табиғат

19 Әр күні біздің Исадағы жаңа табиғатымыз біздің ескі күнәкар табиғатымызға қарсы шайқасатын болады. Бір қарапайым малшы осы бір шайқасты бірде былай деп суреттегенді: «Мен өз өмірімде бірі ақ, бірі қара екі ешкі бір-бірімен сүзісіп жатқандай сезінемін». Оны тыңдап отырған адам былай деп сұрады: «Қай ешкі жеңіп шығады?» Сонда ол былай деп жауап берді: «Қай ешкіні көбірек жемдесең, сол жеңеді!»

- **Малшының айтқан мысал әңгімесі жайлы ойланыңызшы. Қара ешкі біздің көне табиғатымызды, ал ағы біздің жаңа табиғатымызды бейнелейді. Бұл күндері сіздің өміріңізде қай ешкі жеңіп жатыр? Не себепті деп ойлайсыз? Талқылауға дайын болыңыз.**



Бүгінгі сабақ бойынша Исада біздің қандай керемет артықшылықтарымыз бар екенін есімізде сақтайық:

- Жаратқанның таңдаулылары ретінде біздің жаңа болмысымыз бар
- Жұлдызқұрттың көбелекке айналғаны сияқты біз жаңа өмірге ие болдық
- Исаның көмегімен біздің жаңа табиғатымыз біртіндеп біздің көне күнәлы табиғатымызды ығыстыратын болады.

20 Құдай Сөзінің келесі аяты біздің бүгін оқығанымызды былай деп түйіндейді:

«Сонымен, біреу Мәсіхпен тығыз байланыста болса, сол – жаңадан жаратылған адам. Ескі өмірі өтіп кетіп, міне, жаңасы пайда болды!»

(Қорынттықтарға 2-хат 5:17)

Бос жерлерді толтырып, бұл аятты жаттап алғанша қайталаңыз.

«Сонымен, біреу _____ тығыз байланыста болса, сол – _____ жаратылған адам. _____ өтіп кетіп, міне, _____ болды!» (Қорынттықтарға 2-хат 5:17)

Енді мына мінәжатты айтыңыз:

**«Уа, Жаратқан Ие,
Шексіз рақымыңа бола Сен бізді Өзіңнің
халқың еттің, сол үшін
Саған алғыс айтамын!
Маған жаңа өмір, жаңа табиғат бергенің
үшін рақмет.
Ескі күнәкар табиғатыма қарсы күнделікті
рухани шайқаса алуым үшін
Маған Исаның күшін бере гөрші.
Аумин»**



2-САБАҚ. ПРАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМА

Жаңа табиғатыңыздың арқасында сіздің өміріңізде болған үш жақсы өзгерісті жазыңыз, әрі осы өзгерістер үшін Құдайға алғыс айтыңыз. Сондай-ақ, сіздің өміріңізде әлі күнге дейін қалмай келе жатқан, ескі табиғатыңыздан қалған үш әдетті де жазып қойыңыз. Осы аптада Құдайдың көмегімен осы жаман әдеттерге қарсы күресіңіз.

2-САБАҚҚА ШОЛУ ЖАСАУ

1 а) Исаға сенім артқан адам не нәрсеге ие болады?
_____ өмірге ие болады

б) Исаның ізбасарлары ретінде біз қандай жаңа болмысқа ие болдық?
Біз Жаратушының _____

Менің соңымнан ер

- 2 Біздің рухани шайқасымыз [ескі / жаңа] күнәкар табиғатымыз бен Исадағы [ескі / жаңа] табиғатымыздың арасында жүреді.
(дұрыс емес жауаптарды сызып тастаңыз)
- 3 Ізбасарларының өмірінде Иса жасаған өзгерістердің екі мысалын келтіріңіз
(егер мысал келтіре алмасаңыз, 11-12 сұрақтарды қараңыз):
-
- 4 Қорынттықтар 2-хат 5:17 аяттағы бос қалдырылған жерлерді жадыңыздан жазыңыз:
«Сонымен, біреу _____ тығыз байланыста болса, сол – _____ жаратылған адам. _____ өтіп кетіп, міне, _____ пайда болды!»

2-САБАҚТЫҢ ЖАУАПТАРЫ

- 1 б)
2 Петірдің
3 өз жауабыңыз
4 Құдайдың таңдаулылары
5 а)
6 Жоқ (егер сіз бұған сенім сіз болсаңыз, онда сіз өзіңіздің топ жетекшіңізбен сөйлесе аласыз)
7 таңдаулыларының
8 көбелек
9 өмірге
10 б)
11 а)
12 в)
13 в)
14 а)
15 талқылауға дайын болыңыз
16 б)
17 а) ескі табиғат б) жаңа табиғат
18 а) жаңа б) жаңа в) ескі г) ескі
19 талқылауға дайын болыңыз
20 аятты жаттап алыңыз